

Кезінде, руханиятымыздың жоқшысы, мемлекет және қоғам кайраткері Өзбекәпі Жәнібеков мұрындық болып, Петербургтегі Эрмитаждан арнайы алдырыған, ішіне үш мың литр су кететін, салмағы екі тонна, жеті түрлі металл қоспасынан жасалған қасиетті тайқазан бүгіндегі рухани астанамыз – Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде тұр. Ол бірнеше қоспадан жасалған соң «қола қазан» аталыпты. Араб әріптерімен үш қатар жазылған мәтіндердің бірінші қатарында: «Мешітке келушілер мен тағым етіп көліп, шамалы садака берушілерді салыстыруға болмайды» деген тәмсіл бар. Мұнан кейін Құранда бар, мұсылмандарға арналған жәннаттағы зәм зәбіл, сан сәбіл туралы айтылыпты да, Әмір Темірдің бұл қазанды Қожа Ахмет Иассауге арнайы жасатқаны жазылыпты. «Аллаға құлышылық еткен байғұс, табриздік шебер Абул-Азиз Шерефаддин шебердің баласы» деген екінші қатардағы жазудан ұстаның атын білеміз.

Ал, «құфі» әріптерімен жазылған Аллаға сыйынудың байқаттын-қыска аят қазанды айналдыра жазылыпты. Байқап қарасақ, тайқазанның атқаратын қызметі мен қойылуы халықтың нағарияттың, дүниетанымы мен әдет-тұрпына байланысты екенине көз жете түседі. Қөлемділігі сонша, ішіне тұтас тайдың еті сыйып кететіндіктен «тайқазан» атанған. Бәрімізге белгілі, жеті дәннен болмаса жеті дәмнен тұратын Наурыз көже де осындағы тайқазандарда қайнатылып, жыл сайынғы Наурыз мейрамдарында жалпы жүртқа таратылып отырған. Оның өзіндік терең мәні елдің

# ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫГЫ - БАСТА ҚАЗЫНАМЫЗ



бірлік, ынтымақ, ниет-тілек, мерей, мереке сынды адами үмітін білдірсе керек. Сонымен бірге діни сенімге байланысты қасиетті қазан шипалы саналып, оған зәмзәм сұы

құйылып, зиярат етіп келушілерге ем-дом ретінде ұсынылған. Сол бір жыл Жәнібековтың басшылығымен Ленинградтан алдырылған тайқазан Ахмет

Иассауи кесенесі мұражайының орталық қазандық бөлмесіне, биік күмбездің нақ астына қойылған болатын. Көзкөрнедердің айтуна қараганда, қазандық

бөлмесін көмкеріп тұрган күмбездің төбесінен ұзын арқаммен тартылған салмақты зат болған керінеді. Әлгі салмақты зат қазанның тұра ортасына бағытталған және әрдайым теңсөліп тұрады екен. Екінші бір қөнекөз қарияның айтуна қараганда, қазан төрт құлагынан төбeden тартылған шынжыраға ілініп тұрган дейді. Екі пікір де шындыққа жанасады. Алдында айтылған салмақты зат о баста тәулік мерзімін білу, белгілеу үшін жасалған деуге болады. Осыған қарап-ақ, тайқазанның ғажайып қупиясы мен ғылыми қызметін аңғаруға болады. Ой көзімен бағамдасақ, қазанды және Қожа Ахмет кесенесін тұрғызуши ұсталардың жердің өз осімен айналу құбылысын білгендігіне шæk көлтіре алмайсыз. Яғни, Фуко магнитінен ғасырлар бұрын ашылған ғылыми жаңалық болып табылады. Бесенеден белгілі, әр ай жаңа айдың тууынан бастау алады. Құнделікті уақыт мәлшерін білу мұсылмандар үшін бес парыз намаз оқып, ораза ұстаганда таңыңын батуы мен атын айыру үшін аса қажет екені белгілі. Демек, қазандың қызметпен бірге ғылыми қызмет атқарған деуге толық негіз бар.

Шүкір дейміз, «Ұлы Дағаның жеті қыры» атты кең ауқымды, терең мәнді бағдарламаның арқасында көптеген құндылықтарымызды тарих қойнауынан аршып алушады. Міне, соның бірі де бірегей қасиетті тайқазанымыз деуге әбден болады.

**Ж.МУЛДАХМЕТОВА,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚМУ-дың  
«Қазақстан тарихы»  
кафедрасының  
ага оқытушысы, т.ғ.к.**